

**Астана қаласы**  
**А. Байтұрсынұлы атындағы**  
**№ 48 мектеп-лицейі**  
**Қамқоршылық кеңесі отырысының**  
**Хаттама №3**

**Откізілген күні:** 22.09.2022ж

**Катысқандар:** 6

**Күн тәртібінде**

1. 2022-2023 оқу жылының басталуы. Қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен танысу.  
(Мектеп директоры Ф. Б. Әметбеков)
2. «Жетістіктер мектебі» қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.  
(Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Шаяхметов Д.Р.)
3. Қамқоршылық кеңесінің құрамын қайта қарau.  
(Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Шаяхметов Д.Р.)
4. Ақылы қосымша курстар мен үйірмелердің ұйымдастырылуы.  
(Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Шаяхметов Д.Р.)
5. Эртүрлі мәселелер

**Қарастырылған мәселелер:**

**Мектеп директоры Ф. Б. Әметбеков:**

- Ең алдымен 2022-2023 жылы жаңа оқу жылының басталуымен барлығын құттықтады. Жаңа оқу жылының басталуы, мектептің 2022-2023 оқу жылының жоспарымен және ішкі тәртібімен таныстырылды;
- «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар үлт» жобасы аясында мектепте оқушыларды кітап оқуға ынталандыру мақсатында акциясы ұйымдастыруды ұсынды.

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Д.Р. Шаяхметов:**

- «Жетістіктер мектебі» қамқоршылық кеңес мүшелеріне 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстырылды;
- Мақсат-міндеттерін айқыннады.

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Д.Р. Шаяхметов:**

Мектепішілік ата-аналар жиналысының қорытындысы бойынша мектепте гардероб мәселесін көтерді. Шешу жолдарын қарастыруды, оқушылардың сырт киімдерін қоюға жағдай жасау, дәліздерде тұрған ілгіштер балалардың киімдерін ілуге қолайсыз және заттарының жоғалу қауіпі бар. Мектеп әкімшілігіне, қамқоршылық кеңес мүшелері гардероб мәселесін шешуді ұсынды.

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Д.Р. Шаяхметов:** ата-аналардың өтініші оқушылардың сабак үлгерімін жақсарту, сабак барысында кеткен олқылықтарды жою, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында ақылы қосымша курстар мен үйірмелерді ұйымдастырып ақысын бекітіуді ұсынды.

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасының орынбасары Жумагуловна А.А:** мектептегі жетім, жартылай жетім, атаулы көмек алушы (АСП) отбасыларында тәрбиеленуші балаларға ақылы қосымша курстар мен үйірмелерге 25 пайыз женілдік жасауды ұсынды.

**Шешім:**

1. «Жетістіктер мектебі» қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңес отырысының шешімі бойынша мектепте гардероб мәселесі ұйымдастырылсын;
3. «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы аясында өткізілетін акцияға қамқоршылық кеңесі демеушілік жасасын.
4. Ақылы қосымша курстар мен үйірмелердің ақысы сағаты 850 теңге болып бекітілсін, мектептегі жетім, жартылай жетім, атаулы көмек алушы (АСП) отбасыларында тәрбиеленуші балаларға 25 пайыз женілдік жасалсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Хатшы

Д.Р. Шаяхметов

Н.Т Бекебаева